

Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Тұрақты өкілдігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 2 шілде 1992 ж. N 566

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Тұрақты өкілдігін ашу туралы" 1992 жылғы 5 маусымдағы N 795 Жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Тұрақты өкілдігі штатының саны жылдық қоры 100000 АҚШ доллары болатын 8 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Тұрақты өкілінің лауазымдық жалақысы айына 1880 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленсін. <*>

Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілдігі қызметкерлерінің

лауазымдық жалақысы Тұрақты өкілдің жалақысына қарай штаттық кестеге сәйкес белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚРМК-нің 1993.10.22. N 1048 қаулысымен.

3. Жұмыстың күрделілігі мен көлемділігіне байланысты Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Тұрақты өкілінің лауазымдық жалақысына шетел валютасымен оның жалақысының 20 проценті мөлшерінде үстеме төленсін.

4. Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілдігінің 1992 жылғы шығын сметасы 392130 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

